

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«МОНТЕССОРИЯ»
балалар интеллектуалды және
шығармашылық дамыту орталығы»



Товарищество с ограниченной ответственностью
«МОНТЕССОРИЯ»
центр интеллектуального и творческого
развития детей»

070018, Қазақстан Республкасы, Өскемен қаласы,
Әуезов даңғылы, 10. Тел: +7-771-051-55-15
e-mail: montessoriya@gmail.com, www.montessoriya/kz

070018, Республика Казахстан, город Усть каменогорск,
проспект Ауэзова, 10. Тел: +7-771-051-55-15
e-mail: montessoriya@gmail.com, www.montessoriya/kz

БЕКІТЕМІН:



"Монтессория" балалар интеллектуалды
және шығармашылық дамыту
орталығы" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің директоры
Мухаметкалиева Ж.З.

Балаларды интеллектуалды және шығармашылық даму «Монтессория» орталығы

Ұйымдастырылған сурет салу оқу қызметінің перспективалық жоспары
(ересек топ)

<i>Өтпелі тақырып</i>	<i>Апталық тақырып</i>	<i>Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы</i>	<i>Сағат саны</i>
Балабақша	Менің балабақшам	Қарындаштармен дәстүрлі тәсілмен сурет салудың техникасын жетілдіру. Топ бөлмесіндегі дөңгелек пішінді заттарды тауып суретін салу. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
	Алтын күз	Балалардың күзгі табиғатты бақылауға, жіңішке қылқаламмен жағыс әдісін пайдалана отырып, күзгі ағаштағы жапырақтарды бейнелеуге үйрету. Байқағыштықты дамыту. Күзгі табиғат әсемдігін көруге тәрбиелеу.	1
	Менің сүйікті ойыншықтарым	Балаларды сүйікті ойыншығының бейнесін суретте беруге үйрету (өзіне тән ерекшеліктерінің, пішінін). Заттардың суретін бүкіл бетке салу дағдыларын қалыптастыру. Заттарды пішініне қарай ажырату біліктілігін дамыту. Ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	1
	Менің достарым	Дайын сұлбаға жетіспеген бөліктерді (көз, мұрын, ерін) дұрыс орналастыру. Түстер үйлесімділігін сақтап, қарындашпен біркелкі бояуға үйрету.	

		Шығармашылықтарын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1
Менің отбасым	Менің отбасым Ата-аналар еңбегі	Қазақтың ұлттық баскиімі - тақияны ою-өрнектермен "толқын"әшекейлеуге үйрету. Қылқаламмен сурет салу дағдыларын жетілдіру. Көз мөлшерін дамыту. Отбасында ата-ананы сыйлауға тәрбиелеу.	1
	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Қарапайым заттардың суретін салуда техникалық дағдыларын қалыптастыру. Тік сызықтарды көлденең сызықтармен қиылыстыру арқылы бағдаршамның суретін салуды үйрету. Қылқаламмен бояу дағдыларын жетілдіру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көшеде абай болуға тәрбиелеу.	1
	Жомарт күз	Күзгі өнім жинау туралы білімдерін кеңейту. Көкөніс пен жемістерді ажырату біліктерін қалыптастыру. Домалақ пен сопақ, конус пішінді заттарды қылқаламмен қолды үзбей бейнелеуге, бояуға үйрету. Тактильді қабылдауын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1
		Интерактивті тақтада балаларға сурет салып үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Жауапкершілікке тәрбиелеу.	

	Менің көшем		1
Дені саулық - жаны сау	Өзім туралы	Балаларға дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды жетілдіру. Адамның көңіл-күйін бере білуге дағдыландыру. Балалрдың эмоциясын, мимикасын дамыту. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.	1
	Дұрыс тамақтану	Балаларға дәрумендердің ағзаға пайдасын түсіндіріп, пайдалы және зиянды тағамдарды айыруға үйрету. Суретті қағаз бетіне дұрыс орналастырып, түсі мен пішінін беруді жетілдіру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Денсаулықты нығайтуға тәрбиелеу.	1
	Өзіңе және өзгелерге көмектес	Жіңішке қылқаламды басып жағу тәсілімен және қысқа түзу сызықтарды сызу арқылы "гүл" ою-өрнегімен қол орамалды әшекейлей білуге үйрету. Қылқаламмен сурет салу дағдыларын жетілдіру. Шығармашылықтарын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
		Спорт ойындары туралы білім беру. Қағазға суретті дұрыс орналастыруға, қарындашты біркелкі басып, қағаздан алмай бояуға үйрету. Қиялдарын дамыту.	1

	Біз күштіміз, ептіміз	Өз денсаулығын күтуге тәрбиелеу.	
Менің Қазақстаным	Тарихқа саяхат ҚР Тұңғыш Президенті	Қазақтың ұлттық қуыршағының бас киімі - сәукелемен таныстыру, суретте оның пішінін, ерекшеліктерін беруге, ою-өрнекпен әшекейлеуге үйрету. Сурет салудың техникалық дағдылары мен біліктерін дамыту. Қазақ халқының ойыншығына сүйіспеншілік тәрбиелеу.	1
	Тәуелсіз Қазақстан ҚР мемлекеттік рәміздері	Тік және көлденең сызықтарды біріктіру арқылы тіктөртбұрыш суретін салғызып, оны әшекейлеп үйрету. Қылқаламның ұшымен және барлық түгімен сурет салу әдістерін бекіту. Қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату біліктерін дамыту. Сәндік - қолданбалы өнерді құрмет тұтуға тәрбиелеу.	1
	Жайнай бер, Қазақстаным!	Геометриялық пішіндер көмегімен сурет салуға үйрету. берілген сұлбадағы суретті түрлі түсті қарындашпен тегіс бояуға жаттықтыру. Шығармашылықтарын дамыту. Өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
	Жаңа жылдық сыйлықтар	Қарындашпен үшбұрыштарды сызу арқылы шыршаның суретін салуға үйрету. Жіңішке қылқаламмен сурет салу дағдыларын жетілдіру. Шыршаның суретін ойыншықтармен, жалаушамен безендіруге жаттықтыру. Балалардың эмоциясын дамыту. Қуаныш сезімін сыйлауға тәрбиелеу.	1
Табиғат әлемі		Бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға (жақын, алыс) орналастыру іскерліктерін қалыптастыру. Қағаздың төменгі жолақшасына жердегі заттарды, жоғарғы бөлігіне жоғарыдағы заттарды	

	Қош келдің, Жаңа жыл!	орналастырып кеңістіктік қатынасын бағдарлауын дамыту. Қырау жапқан ағаштардың суретін салуға үйрету. Көз мөлшерін дамыту. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1
	Жануарлар әлемі Аңдардың қысқы тіршілігі	Аңдардың қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру. Балаларды әртүрлі көлемдегі сопақша мен дөңгелектің суретін салу арқылы, түлкінің бейнесін беруге үйрету. Қылқаламмен сурет салу дағдыларын жетілдіру. Байқағыштықтарын дамыту. Табиғатты сүйеге және аялауға тәрбиелеу.	1
	Қыстайтын құстар	Қыстайтын құстар тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Қылқаламмен, алақанмен, саусақпен сурет салғанда қарапайым қозғалыс жасау арқылы құстың бейнесін бере білу дағдысын жетілдіру. Танымдық қабілеттерін дамыту. Жұп болып әрекет етуге тәрбиелеу.	1
	Ғажайып қыс	<i>(интерактивті тақтамен жұмыс)</i> Қыс туралы, қысқы ойындар туралы білімдерін кеңейту. Шананың суретін салғанда балалардың сызықтарды дұрыс бейнелеуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шымыр болуға тәрбиелеу.	1
Бізді қоршаған әлем	Өлі табиғат құбылыстары	Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Шеңбердің ішіне түзу сызықтарды қиылыстыра отырып, қар ұшқынының суретін салуға үйрету. Шығармашылық қиялдарын дамыту. Қоршаған әлемде болатын өзгерістерді бақылап, табиғатты сүйеге тәрбиелеу.	1
		Көліктер туралы білімдерін кеңейту. Геометриялық пішіндердің көмегімен көлік суретін салуды үйрету. Қарындашпен сурет салу дағдыларын жетілдіру.	

	Көліктер	Зейіндерін дамыту. Жинақылыққа тәрбиелеу.	1
	Техника және біз	Балалардың тұрмыстық электронды техника туралы білімдерін қалыптастыру. Заттың пішінін беруге, пропорциясын сақтап, қарындашпен қысқа толқынды пештің суретін салуды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Қауіпті жағдайлардан сақтануға тәрбиелеу.	1
	Мамандықтың бәрі жақсы	Мамандық туралы білімдерін кеңейту. Алжапқышты әшекейлеуге үйрету. Суретті бояу дағдыларын жетілдіру. Кеңістікті бағдарлауды дамыту. Эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу.	1
Салт-дәстүрлер мен фольклор	Ана – өмірдің нұры	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Мерекелік дастарханды 2-3 элементті оюмен безендіруді үйрету. Қиялдарын дамыту. Ананы құрметтеуге тәрбиелеу.	1
	Ертегілер елінде Театр әлемі	Балаларды суреттерінде сүйікті ертегі кейіпкерінің бейнесіне тән сипаттарды бере білуге баулу. Балалардың сурет салу үшін түстердің жылы реңктерін таңдауға қажеттіліктерін қалыптастыру. Силуэтте жетіспеген бөліктердің суретін қарындашпен салып, тегіс етіп бояуды үйрету және ермексазды пайдаланып мүсіндеу тәсілін меңгерту. Шығармашылықтарын дамыту. Ертегіге қызығушылықтарын тәрбиелеу.	1
	Өнер көзі – халықта	Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерімен таныстыруды жалғастыру. Төртбұрыш пішінді заттың ортасына, шеттеріне қазақы ою-өрнектің элементін пайдалану арқылы кебежені әшекейлеу дағдыларын жетілдіру. Эстетикалық қабылдауларын дамыту. Халық қолөнерін қастерлеуге тәрбиелеу.	1

	Нұр төккен, гүл көктем	Балаларға суреттерінде көктемнен алған әсерін бейнелеуге, суретінің мазмұнын өздігінен анықтап, ұжымдық композиция құруға үйрету. Қиялдарын дамыту. Табиғаттың әдемілігін көре білуге тәрбиелеу.	1
Біз еңбекқор баламыз	Аялайық гүлдерді	Көктемгі гүлдердің пішінін, түсін ескере отырып суретін салуға үйрету. Қылқаламның барлық түгімен сурет салу біліктілігін бекіту. Эстетикалық қабылдауларын дамыту. Табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1
	Ғарышқа саяхат	Ғарыш, ғаламшар туралы білімдерін кеңейту. Заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып, трафаретпен сурет салуға үйрету. Сурет салудың техникалық дағдыларын жетілдіру. Қиялдарын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1
	Ас атасы – нан	Нанның дастарханға келуі туралы білімдерін кеңейту. Қарындашпен нан тағамдарының суретін салып, бояуға үйрету. Танымдық қабілеттерін дамыту. Нанды қастерлеуге, еңбек адамын құрметтеуге тәрбиелеу.	1
	Көктемгі ағаштар	Балалардың көктем туралы білімдерін кеңейту. Қылқаламмен көктемгі ағашты бейнелеуге үйрету. Эстетикалық талғамды дамыту. Табиғат әсемдігін көруге тәрбиелеу.	1
Әрқашан күн сөнбесін	Бір шаңырақ астында	Сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерден өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін жетілдіру. Қолдың қимыл қозғалысын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.	1

	Бейбітшілік қорғанында!	Мерекеге арналған отшашу суретін салуды, түстер үйлесімділігін сақтауды үйрету. Қылқаламмен сурет салу дағдысын жетілдіру. Қиялдарын дамыту. Еліміздің батырларын құрметтеуге тәрбиелеу.	1
	Жаз да келді көңілді	Жаз мезгілінің ерекшеліктерін, төрт мезгілге тән белгілерді білуге үйрету. Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. Ой-өрістерін дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілік тәрбиелеу.	1
	Бақытты балалық шақ	Сурет салуда өз ойларын нақтылауға, қағазға суретті дұрыс орналастыруға үйрету. Қарапайым композиция құруға дағдыландыру. Кеңістікті бағдарлауын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1

**Ұйымдастырылған мүсіндеу оқу қызметінің
перспективалық жоспары
(ересек топ)**

<i>Өтпелі тақырып</i>	<i>Апталық тақырып</i>	<i>Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы</i>	<i>Сағат саны</i>
Балабақша	Менің балабақшам Қош келдің, Алтын күз!	Ермексаздың кесектерінен түрлі тәсілдерді қолданып күзгі ағашты мүсіндеуге үйрету. Кескішті қолдануға дағдыландыру. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.	0,5
	Менің сүйікті	Балаларды затқа қарап көлемі мен пішіні әртүрлі таныс ойыншықтарды мүсіндеуге	

	ойыншықтарым Менің достарым	үйрету, кескішті қолдану дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу тәсілдерін жетілдіру. Саусақ бұлшықеттерін дамыту. Мүсіндеуге қызығушылықтарын тәрбиелеу.	0,5
Менің отбасым	Менің отбасым Ата-аналар еңбегі Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Төртбұрыш пішінді таныс затты түрлі тәсілдер қолдану арқылы мүсіндеуге үйрету. Заттың өзіне тән ерекшеліктерді ескеріп, пропорцияны сақтауға дағдыландыру. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Қауіпті жағдайлардан абай болуға тәрбиелеу.	0,5
	Жомарт күз Менің көшем	Көкөністер мен жемістердің айырмашылығын ажырата білуге, домалақ және сопақ заттарды мүсіндеуді үйрету. Жұмысты ұқыпты жасауға тәрбиелеу.	0,5
Дені саудың жаны сау	Өзім туралы Дұрыс тамақтану	Адамның бейнесін мүсіндеуді, жұп болып жұмыс істеуді үйрету. Қарапайым композиция құрастыруды жетілдіру. Шығармашылықтарын дамыту. Эмоциялық көңіл-күйлерін тәрбиелеу.	0,5
	Өзіңе және өзгелерге көмектес Біз күштіміз, ептіміз	Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануға дағдыландыру және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Көз мөлшерін дамыту. Қайырымды болуға тәрбиелеу.	0,5
Менің Қазақстаным	Тарихқа саяхат ҚР Тұңғыш Президенті Тәуелсіз Қазақстан	Ермексаздан тұрмыстық заттарды мүсіндеуде пішінін тұтас бөліктен, ұсақ бөліктерін созу арқылы мүсіндеуге үйрету. Қиялдарын дамыту. Халық шеберлерінің шығармашылығына қызығушылық тәрбиелеу.	0,5

	ҚР мемлекеттік рәміздері		
	Жайнай бер, Қазақстан! Жаңа жылдық сыйлықтар	Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту. Кесек ермексаздан домбыраны мүсіндеп үйрету. Мүсіндеу тәсілдерін жетілдіру. Қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. Өз бетімен жұмыс істеуге тәрбиелеу.	0,5
Табиғат әлемі	Қош келдің, Жаңа жыл! Жануарлар әлемі Аңдардың қысқы тіршілігі	Қарапайым қатынастарды сақтай отырып, бөліктерді біріктіруді жетілдіру, жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Туған жердің табиғатына сүйіспеншілік тәрбиелеу.	0,5
	Қыстайтын құстар Ғажайып қыс	Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, ермексаздан құстың бейнесін мүсіндеуді үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	0,5
Бізді қоршаған әлем	Өлі табиғат құбылыстары Көліктер	Кескішті қолдана отырып, мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалану арқылы көлік мүсінін жасауды жетілдіру. Қиялдарын дамыту. Бастаған ісін соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	0,5
	Техника және біз	Бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды мүсіндеуге үйрету. Мүсінделетін заттың салыстырмалық көлемдерін сақтауға, біріккен жерлерін тегістеуге дағдыландыру. Танымдық қабілеттерін дамыту. Кез келген еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу.	0,5

	Мамандықтың бәрі жақсы		
Салт-дәстүрлер мен фольклор	Ана – өмірдің нұры Ертегілер елінде Театр әлемі	Ертегі желісі бойынша композицияға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу техникасын жетілдіру. Ой – өрістерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	0,5
	Өнер көзі - халықта Нұр төккен, гүл көктем	Балаларды халық шеберлерінің еңбегімен таныстыруды жалғастыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету. Эстетикалық қабылдауларын дамыту. Қолөнер бұйымдарын бағалай білуге тәрбиелеу.	0,5
Біз еңбеккер баламыз	Аялайық гүлдерді Ғарышқа саяхат	Алақанға салып тік және дөңгелек етіп есуді, бөліктерді біріктіруді жетілдіру, гүлдің мүсінін жасауды үйрету. Гүлдерден композиция құрастыруды жетілдіру. Шығармашылықтарын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	0,5
	Ас атасы – нан Еңбек бәрін жеңбек	Алақанға салып тік және дөңгелек етіп есуді және жазықтықта түзету қимылдарын жетілдіру. Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, ермексаздан нанның мүсінін бейнелеу. Қол қимылдарын дамыту. Татулыққа тәрбиелеу.	0,5

Әрқашан күн сөнбесін	Бір шаңырақ астында Бейбітшілік қорғанында!	Заттардың құрылымының пропорцияларын сақтауға, гүлденген ағашты мүсіндеп композицияға біріктіруді үйрету. Қиялдарын дамыту. Топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	0,5
	Жайдарлы жаз келді Бақытты балалық шақ	Түстер туралы алған білімдерін қолдана білуге үйрету. Ойдан құрастырып мүсіндеу. Көз мөлшерін дамыту. Қуаныш сезімін сыйлауға тәрбиелеу.	0,5